



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

1 кесте көрсеткендей, аудармада лексикалық трансформация жиірек қолданылады. Мәселен, орын алмастыру, түбегейлі өзгерту, модуляция секілді әдістер кез келген аудармада қолданылады. Анимациялық фильмді аударуда тек аударманың жақсы шығуын емес, сонымен қатар ол дубляжға, яғни кейіпкердің сөйлеген уақытымен сай келуі керек екенін ұмытпау қажет.

Қорытындылай келе, шетелдік анимация туындылардың аудармасы жыл сайын өсіп жатыр. Тіпті кейбір көп бөлімді мультфильм кейіпкерлерінің арнайы таңдалған аудармашы-дыбыстаушылары бар. Біріншіден, аудармашы мультфильмнің жас шектеуін ескеруі қажет, екіншіден сол аудиторияға негізделе отыра аударманы бейімдеу керек. Сонымен қатар жоғарыда кинофильм мен мультфильм аудармасының түрлері қарасталырып өтті, «Мадагаскар» анимациялық фильмінің дискурсына қысқаша анализ жасалды. Зерттеу нәтижесі ретінде диалогтік аудармада грамматикалық трансформацияға қарағанда, лексикалық трансформацияның жиі қолданылатынын ескертіп өткен жөн.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Вульпя Е.В. Анализ лексических трансформаций в переводе мультфильмов на примере мультфильма «Мадагаскар» // Молодой ученый. – 2015. – №10. – С. 1374-1377.
2. Сдобников В.В. Теория перевода: учебник для студентов лингвистических вузов и факультетов иностранных языков / В.В. Сдобников, О.В. Петрова. – М. : АСТ: Восток-Запад; Владимир: ВКТ, 2008. – 448 с.
3. Комиссаров В.Н. Общая теория перевода / В.Н. Комиссаров. – М. : ЧеРо, 2000. – 136 с.

ӘОЖ 81'255

СӘН САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕРДІҢ АУДАРЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ

Садырханова Балауса Ерманқызы

balausa5596@gmail.com

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қиманова Л.Б.

Әр саланың күннен күнге қарқынды дамуы онда өзге тілдерден жаңа атаулардың енуіне, терминдік қорының кеңеюіне өз септігін тигізуде. Сондай ана тіліміздің сөз байлығының дамуына үлес қосқан салалардың бірі сән саласы болып табылады.

Адамдар ертеден бері әсемдікке ұмтылып, сұлулыққа өмір берген. Қолынан балы тамған суретшілер мен өнер сүйгіш жандар әдемі мен ұсқынсыз мағынасына анықтама беруге, сұлулықтың әмбебап формуласын табуға тырысқан. Сұлулық талаптары адамзат тарихында әрдайым өзгеріп отырды. Сол сұлулықтың өзгерген ережелері «сән» немесе «мода» деп аталып, белгілі бір мәдениетте немесе қоғамда үстемдік еткен тұрақсыз талғам мағынасына ие болды.

Қазіргі таңда сән саласы қоғамдық өмірдің ерекше, тіпті күрделі құбылысына айналды. Тіпті адам өмірін әсемдіксіз, сәнсіз елестету мүмкін емес секілді. Қоғамның реттеуші құралы ретінде сән белгілі бір әлеуметтік қызметтерді атқарады. Сән терминологиясы киім мен сәннің дамуымен қатар қалыптасып, кеңейіп отырды. Сән саласы жеңіл өнеркәсіппен тікелей байланысты болғандықтан, оның ішіндегі киім дизайны, тоқыма өнеркәсібі, былғары - аяқ киім өнеркәсібі, бас киім өндірісі атаулары сән терминологиясының дамуы мен кеңеюіне ықпал етеді.

Сән ұғымына оңай анықтама бере салу мүмкін емес. Себебі ол туралы әркім әр түрлі ой пішеді. Сән біреулерге өнер, өмірге деген жеке адамның көзқарасы болса, енді біреулерге сән өмір сүру салты, жұмысы. Тіпті діні де сән. Ал көпшілігіне сән – киіну мәнері. Дегенмен,

сәнді тек киіну мәнері ретінде санау қате болып саналады. Сәнді адамдардың ортада өзін – өзі ұстауы, әлемге деген көзқарасы, адамдардың ішкі жан дүниесі, сондай-ақ ішкі жан дүниені сыртқы көрініспен, киіну мәнері арқылы көрсету деп түсінуге болады.

Атақты «кішкентай қара көйлекті» ойлап тапқан француздық сән дизайнері Коко Шанель: «Сән тек киіну мәнерінде ғана өмір сүрмейді. Сән ол – көк аспанда, көшелерде де орын табады. Сән – ол идеялар жемісі, ол біздің киіну мәнеріміз ғана емес, өмір сүру мәнеріміз де» деп, сәнді адамзат болмысының ажырамас бөлшегі ретінде айтып кеткен [1, б. 65].

XX ғасырға дейін қоғамдағы таңдаулы топтар ғана белгілі бір сән үлгісінің үстем болуына әсер етіп келді. XVIII - XIX ғасырларда бір сән үлгісін тудыру элита топтарының артықшылықтарының бірі болды. Сәннің арқасында, нақтырақ айтқанда, киіну үлгісі арқылы әкесүйек қауымы төменгі тап қауымынан ерекшелініп тұрды. Ортағасырларда таптық бөлініс орын алған мемлекеттерде төменгі тап адамдарына «бағалы сәндік заттарды қолдануға тыйым салынған заң» да болды. Осылайша, сән әлеуметтік мәртебенің белгісіне айналды. Дегенмен, төменгі әлеуметтік топ өкілдері билік, байлық және атақ қуу құқықтары болмаса да, қолжетімді сәнді қууға еркіндіктері болды.

XVIII-XIX ғасырдағы Англия және Франциядан бастау алған өндірістік төңкеріс қоғамның экономика, саясат, мәдениет секілді барлық салаларына түбегейлі өзгерістер әкелді. Осы кезеңнен бастап сән қоғамның өндірістік дамушы факторы қызметін атқарды және сән саласының теориялық негізі қалыптаса бастады.

Сән терминологиясы даму жолында көптеген кезеңдерден өтті. Сән саласы тілінің сыртқы факторларға ашық сипаты, өз кезегінде, халықаралық терминологиялық бірліктердің пайда болуына ықпал тигізді. Сонымен қатар, көптеген ғылым салаларымен сабақтастығы терминологиялық базаның кеңеюіне де зор көмегін тигізді.

Сән терминологиясы базасын көптеген сала мен ғылымдар терминдерінің сабақтасуы нәтижесінде құралған деп айтуға болады. Сән терминологиясының салааралық байланысына, ең алдымен, адамзатты күнделікті қажетті тұрмыстық заттар мен киіммен қамтамасыз ететін жеңіл өнеркәсіпті айтуға болады. Сонымен қатар, киім дизайны, тоқыма өнеркәсібі, тері және аяқ киім өнеркәсібі салалары сән терминологиясының түзілуіне өз септігін тигізді.

Тіл – табиғи құбылыс болғандықтан, экономикалық, саяси, тарихи, мәдени өзгерістердің әсерінен әрдайым дамып отырады. Сән саласы терминологиясының терминдік базасы негізінен шет тілден енген кірме сөздерден тұрады. Сән саласы терминологиясының қалыптасуы мен дамуын зерттеуде көп еңбек еткен ғалымдар қатарына Т.В. Долгова, А.С. Матосян, И.В. Попова, Т.А. Терешкова секілді лингвист-ғалымдарды жатқызуға болады.

Сән терминологиясының дамуы мен қалыптасуы жайлы толыққанды ақпаратты лингвист-ғалым Т.В. Долгованың еңбегінен табуға болады. Өз еңбегінде сән терминологиясының дамуы мен қалыптасуы кезеңдерін толық анықтап, социолингвистикалық аспектідегі қазіргі ағылшын сән терминологиясының жағдайын зерттеп, киім дизайны және сән саласындағы терминдердің жасалу жолдарын ұсынады. Сән терминологиясындағы кірме сөздер мен халықаралық терминдердің пайда болуын егжей-тегжейлі түсіндіріп, олардың ерекшеліктерін атап өтеді. Сондай – ақ, еңбегінде сән терминологиясын құрайтын лексикаларды 13 тақырыптық топтарға бөледі [2, б. 43]. Олар:

1. Fabrics and materials – мата және материалдар;
2. Men`s wardrobe – ерлер киімі;
3. Women`s wardrobe – әйелдер киімі;
4. Headwear – бас киім;
5. Footwear – аяқ киім;
6. Outwear – сырт киім;
7. Facing and accessories – әшекей мен аксессуарлар;
8. Cutting and sewing – пішу мен тігу;
9. Fashion – үлгі;
10. Mode – сән;

11. Clothing design – киім дизайны;
12. Underwear – ішкі киім;
13. Unisex clothes – «унисекс» немесе ерлер мен әйелдерге ортақ киім.

Аударма терминнен басталады. Аударманың мазмұндық сапасы мен тұтастығын сақтау, яғни аударма түсініктерін қалыптасқан ұлттық тілдік жүйеге бұзбай енгізу – аударманың басты міндеті. Термин сөздерді аударудың бірнеше әдіс-тәсілдері бар. Оның бірі транслитерация, ағылшын тілі сөздерін қазақ тілі әріптерімен жазу әдісі [3, 48-б]. Транслитерация әдісі терминжасам саласында аударуға келмейтін халықаралық сөздерді тәржімалау барысында таптырмайтын әдістердің бірі. Транслитерация тәсілі арқылы аударылған сән саласы терминдері: designer – дизайнер (затты көркемдеумен, безендірумен айналысатын маман), velvet – вельвет, polyester – полиэстер, denim – деним (мақта матадан жасалған жуан мата), **Bayer**- байер (жылдың әр мерзімінде киім дүкендерінде болатын заттардың сатып алымына және ассортиментіне жауап беретін адам). Осы секілді сөздерді аударғанда аталған тәсілдің көмегі орасан, себебі осы салада жұмыс істемейтін тәржімашының жұмысын жеңілдетеді.

Қазіргі таңда аударма тәжірибесінде көп тараған әдістердің бірі - транскрипция әдісі, мұнда сөздің орфографиялық емес фонетикалық формасы ескеріледі, ағылшын және қазақ тілінің фонетикалық жүйесіндегі ерекшеліктер байқалады. Мысалы, textile – текстиль, gamasch – гамаш, cashmere – кашмир, viscose – вискоза, polyamide – полиамид, dederon – дедерон, contrast – контраст, costume – костюм, garderobe – гардероб, taft – тафта, plush – плюш, material – материал, shellac – шеллак, caftan – кафтан, toga – тога, chlamys – хламида, palm – пальма.

Аудару әдістерінің ішінде өзінше орны бөлек калькалау әдісін айтуға болады, оның термин сөздерді дұрыс тәржімалауда алатын орны ерекше. Калькалау баламаны құраушы әдіс ретінде дәлме-дәл аударумен туыстас, бүтін баламасы құраушы бөліктерінің баламаларын қарапайым жолмен қосу арқылы құралады. Мысалы, fashion – сән, yarn – жіп, hook – ілгек, silk – жібек, cloth – шұға, top – шілтер, waste – дәке, fiber – талшық, seam – тігіс, projection – жобалау, embroider – кестелеу, spin – иіру, knit – іліптоқу, weave – тоқу.

Осыдан келе калькалау арқылы күрделі сөзден жасалған терминдерді де оңай тәржімалауға болады. Мысалы, natural fiber – табиғи талшық, textile industry – текстиль өндірісі, slipper cloth – декорациялық мата, rayon – жасанды жібек, micro thread – жіңішке жіп, drying time – кептіру уақыты, light industry – жеңіл өнеркәсіп, bleach – ағартатын зат, rice cotton – мақта қиқымы, spice swit – ғарыш киімі.

Біз қарастырған терминдерді аударудың тәсілдерін қарастыру нәтижесінде калька әдісін қолданудың артықшылығын байқадық, оның көмегімен баламаның қарапайым және қысқа болуына, сөздің түпкі төркініне қатысты болуына, мағынаның толық, дәл берілуіне қол жеткіздік. Осыдан келе калькалау арқылы тек жай термин сөздерді ғана емес, сонымен қатар күрделі сөздер қатарына жататын терминдерді де оңай тәржімалауға болатынын дәлелдедік.

Қорыта келгенде, қай саланы алсақ та, олардың өзіне тән терминологиялық базасы болады. Кез келген ғылым саласы тиісті ұғымдарсыз, сол ұғымдарды білдіретін арнайы терминдерсіз меңгерілмейтіні анық. Сән саласындағы термин сөздер күнделікті өмірде өте жиі қолданылады. Сол терминдердің дұрыс баламасымен қолданылуы, ұлттық эквивалентінің берілуі осы терминжасаудағы әдіс-тәсілдердің дұрыс қолданылуына тікелей байланысты. Осы мақалада сән және оның қоғамдағы атқарған қызметі айтылып өтті. Және терминжасам саласында ең жиі қолданылатын термин жасайтын әдіс-тәсілдер көрсетілді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Арнольд И.В. Искусство слова. – М.: 1973. – 65 б.
2. Долгова Т.В. Формирование и развитие английской терминологии дизайна одежды и моды в социолингвистическом аспекте. – Д., 2007. – 43 б.
3. Ахметова А.Б. Аударма теориясы мен тәжірибесінің негіздері. – ОӘҚ., 2014. – 48 б.